

**Педагогикалық кеңес отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы инновациялық әдістер»

Мақсаты: Балалардың экологиялық санасы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруда құзіреттілік орталықтары, мобильді топтар және ата-аналармен бірлескен іс-әрекеттер арқылы тиімді әдістерді қолдану.

Өткізілген күні: «17» 03 2026 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Төрайымы: Қ.Д.Бақтыбаева

Хатшы: А.И.Бейсенова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығы.
2. Экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы инновациялық әдістер мен технологиялар.
3. Табиғатпен тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру.
4. Педагогтердің іс-тәжірибе алмасуы.
5. Қорытынды және шешім қабылдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

№3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы.

2-мәселе бойынша:

Экологиялық мерекелер – қауіпсіз мінез-құлық пен жауапкершілікке тәрбиелеудің тетігі музыка жетекшісі Бейсенова А.И.

Экологиялық тәрбие туралы түсінік

- * Балабақшадағы экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызы
- * Экологиялық мерекелердің тәрбиелік рөлі жайлы түсінік берді.

3-мәселе бойынша:

Қимылды ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениетін дамыту(мобильді топ тәжірибесі) тәрбиеші Каппарова А.Ж.

Қимылды ойындардың бала тәрбиесіндегі маңызы

Қимылды ойындар балалардың:

- * денсаулығын нығайтады;
- * шапшандыққа, ептілікке тәрбиелейді;
- * ұжыммен әрекет етуге үйретеді;
- * ойлау қабілетін дамытады;
- * қоршаған ортамен байланысын арттыру әдістерімен бөлісті.

4-мәселе бойынша:

Отбасымен бірлесе ұйымдастырылатын экологиялық тәрбие: қауірсіздік пен жауапкершілік негізі тәрбиеші Салғиева М.Т.

Тәрбиеші Салғиева М.Т. отбасы және балабақша арасындағы бірлесе артқарылатын жұмыстардың ретімен таныстыру жұмыстарын жүргізді.

5-мәселе бойынша:

Табиғат аясында экологиялық мәдениетті қалыптастырудағы педагог көшбасшылығы тәрбиеші Сарина М.К.

Баяндама барысында педагог көшбасшылығы – оқушыларға бағыт-бағдар беріп, олардың бойында жауапкершілік, белсенділік және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру қабілеті. Көшбасшы педагог:

- * оқушыларға үлгі болады;
- * табиғатты қорғау идеясын насихаттайды;
- * экологиялық іс-шараларды ұйымдастырады;
- * балалардың белсенді қатысуына жағдай жасайтындығы туралы қысқаша ақпарат айтып өтті.

Шешім:

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мақсатында оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдіс-тәсілдерді жүйелі түрде қолдану.

2. Экологиялық тәрбие беру бағытында ойын технологиялары, зерттеу жұмыстары, тәжірибелік әрекеттер және цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану.

3. Тәрбиешілердің озық педагогикалық тәжірибелерін жинақтап, тәжірибе алмасу семинарлары мен ашық оқу қызметтерін ұйымдастыру.


4. Табиғатты қорғау және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру мақсатында экологиялық акциялар, жобалар және танымдық іс-шаралар өткізу.

5. Ата-аналармен бірлескен экологиялық тәрбиелік жұмыстарды күшейту, отбасы мен балабақша байланысын нығайту.

6. Балалардың экологиялық сауаттылығын дамыту мақсатында табиғат бұрыштарын, шағын зертханалар мен тәжірибе аймақтарын толықтыру.

7. Экологиялық тәрбие беру жұмыстарының нәтижесін жүйелі бақылап, мониторинг жүргізу.

Төрайым:



Қ.Д.Бактыбаева

Хатшы:



А.И.Бейсенова